

Автокөлік қылмыстары туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1983 жылғы 23 қыркүйек N 11. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Пленумы автокөлік қылмыстары туралы істер жөніндегі сот тәжірибесін жинақтау қорытындыларын талқылай келіп, республика соттары негізінен аталған санаттағы істерді дұрыс шеше, осы қылмыстардың жасалуына жағдай тудыратын жайларды анықтауға және жоюға көбірек көңіл бөле бастады.

Солай бола тұрса да олардың қызметінде әлі де көліктегі кездейсоқ оқиғалармен күрестің тиімділігін төмендететін елеулі кемшіліктер бар.

Кейбір соттар айыптыны сотқа беру кезеңінде істі қарауға атүсті қарайды, соның салдарынан сот мәжілісіне толық зерттелмеген істер енгізіледі.

Істерді қарау кезінде барлық соттар жол-көлік оқиғаларын жан-жақты және толық зерттеу шараларын қабылдамайды, олардың жекелегені қандай жол қозғалысы және көлікті пайдалану ережесі бұзылғанын, ол олқылықтар неден көрінетінін, олардың туындап отырған оқиғамен себепті байланысы болған-болмағанын анықтамайды.

Арнайы таным қажет етілетін жағдайларды зерттеу кезінде соттар автотехникалық сараптама мүмкіндіктерін толық пайдаланбайды.

Сараптамашылардың құзыретіне кірмейтін мәселелерді анықтау үшін сараптама аз белгіленбейді. Сараптама қорытындыларын бұрыс бағалау мен пайдалану кездеседі.

Осы санаттағы істер жөніндегі соттар үкімі кейбір жағдайларда КСРО Жоғарғы Сотының 1969-жылғы 30-маусымдағы Пленумының "Сот үкімі туралы" N 4 қаулысы талаптарына жауап бермейді. Онда қозғалыс хауіпсіздігі мен көлікті пайдалану ережесінің қалай бұзылғаны әр кезде көрсетіле бермейді, тек қана жол-көлік оқиғасының жайы жазылады.

Жеке алғанда автокөлікті пайдаланудағы жүру хауіпсіздігі ережесін бұзуды белгілі бір өндірістегі, қауіпсіздік техникасындағы жеке басқа қылмыс жасаудағы, жол қозғалысы қауіпсіздігін бұзған, жәбірленушіге көмектеспей оқиға болған жерде қалдырған айыптының әрекетін бағалаудағы

жолсыздықтардан шектеу кезінде қылмыстарды саралауда қателіктер жіберіледі. Жаза тағайындалғанда қателік жіберіледі. Кейбір жағдайларда ол апат жағдайын тудырған жәбірленушінің айыбы дәрежесін есепке алмай беріледі.

Соттар азаматтық талаптарды қараған кезде көп қателіктер мен заң бұзушылықтарды жібереді. Автокөлік құралдарына қатысты жоғары қауіп көзіне келтірілген материалдық залал АҚ-тің 450-бабын бұза отырып, материалдық залал жоғары қауіп көзі иесінен емес, айыпты адамнан өндіріліп алынады, талаптар негізсіз қараусыз қалдырылады.

Жекелеген соттар жол қауіпсіздігі және автокөліктерді пайдалану ережелерін бұзуға ықпал еткен жағдайларды анықтап, жоюға тиісінше мән бермейді, жылжымалы мәжілістерді, жеке ұйғару, бұқараны істерді қарауға қатыстыру сияқты алдын-алудың маңызды түрлерін пайдаланбайды.

Облыстық және Алматы қалалық соттары автокөлік қылмыстары жөніндегі істерді қарау кезінде халық соттарының қателіктерін уақтылы жоймайды, кейде өздері де бұрыс шешімдер қабылдайды.

Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Пленумы аталған кемшіліктер мен қателіктерді жою мақсатында қаулы етеді:

1. Республика соттарының назары қозғалыс қауіпсіздігі мен көлікті пайдалану ережелерінің бұзылуына қатысты қылмыстардың алдын алу және жою міндеттерін табысты шешуге жағдай тудыруды қамтамасыз етудің қажеттілігіне аударылсын.

2. Соттар автожол оқиғаларының барлық жайларын әрекетінде қылмыс құрамы бар адамдарды негізсіз соттау немесе жауаптан құтқару тұрғысынан жан-жақты және толық зерттеуі керек, қандай жол қауіпсіздігі және көлікті пайдалану ережесінің бұзылғанын, тәртіп бұзудың орын алған салдар мен себептерінің байланыстылығын терең анықтауы керек. Апат көлік құралдары, автожол ережелерін бұзу жағдайларын жасаған айыпты басқа адамдарды анықтау қажет. Алдын-ала тергеу сапасына талап күшейтілсін.

Аталған санаттағы істерді қарау кезінде сот сараптамасының қазіргі мүмкіндіктерін толыққанды пайдалану қажет, оның қорытындыларына дұрыс баға беру керек.

Соттар үкімдерді құраудың сапасын арттырулары қажет. Олардың баяндалу бөлігі бұзылған қозғалыс қауіпсіздігі мен автокөлікті пайдалану ережелері тармақтарына сілтеме жасалуы керек, әрі осы ереже бұзушылықтың себептері нақты көрсетілуі тиіс.

3. Белгілі бір тұлға әр уақытта жасаған ҚК 296-бабының әртүрлі бөліктерінде көзделген бірнеше әрекет осы баптың тиісті бөлігі бойынша дербес саралауға жатады. Егер де көлік құралын басқаратын тұлға жолда жүру немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу кезінде бір мезгілде бір

жәбірленушілердің денсаулығына ауыр зиян келтірсе және бір немесе бірнеше тұлғаның абайсызда өліміне әкеліп соқтырса, онда әрекеттер тұтастай ҚК 296-бабының неғұрлым ауыр зардаптардың келтірілуін қарастыратын бөлігі бойынша саралануға жатады. Осында, осы әрекетпен келтірілген онша ауыр емес зардаптар айып тағылғанда және үкімде көрсетілуі тиіс.

ҚК 296-бабымен көзделген әрекетті жасаған кінәлі адам жол-көлік оқиғасы болған жерді тастап кетсе, оның әрекеттері қылмыстардың жиынтығы бойынша - ҚК 296-бабының тиісті бөлігімен және ҚК 297-бабымен саралануға жатады. Осында, кінәлі адам жол-көлік оқиғасы болған жерді тастап кеткені үшін ҚК 297-бабы бойынша, аталған баптың ескертуінде көрсетілген жағдайлардан басқа, ҚК 296-бабында көзделген келтірілген зардаптардың (денсаулыққа орташа ауыр немесе ауыр зиян келтіру, жәбірленушінің өлімі) сипатынан және оларды кінәлінің ұғынғанынан тәуелсіз жауаптылыққа тартылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006.12.25. N 12 Нормативтік қаулысымен.

4. Соттар жазаны даралау туралы заң талаптарын қатаң сақтауы тиіс, қозғалыс қауіпсіздігі мен автокөлік құралдарын пайдалану ережелерін өрескел бұзып, ауыр салдарға алып келген айыптыға жеңілдіктер берілмеуі керек.

Соттар осылармен қатар жаза шарасы туралы мәселені шешкен кезде апат жағдайын жасаған жәбірленушінің кінәсін де ескеруі керек.

5. ҚК-тің 217-бабының санкциясы автокөлікті басқаруға рұқсатты алып тастау түріндегі қосымша жазаны қолдану немесе қолданбау мүмкіндігін қарастыратынын ескере отырып, соттар әр іс бойынша қабылдаған шешімді дәлелдеуі керек.

6. Сот мәжілістерінде аталған санаттағы қылмыстық істер бойынша азаматтық талап арыздарды жан-жақты зерттеудің қажеттілігі соттарға атап көрсетілсін:

Қылмыстан келтірілген материалдық залал жөніндегі заң талаптарын дәл және сөзсіз орындау қамтамасыз етілсін.

7. Соттарға:

а) адам өліміне алып келген, дене жарақатын салған, мүлікті құртқан немесе зақымдаған қозғалыс қауіпсіздігі мен автокөлікті пайдалану ережелерін бұзуды өмір мен денсаулыққа қарсы қылмыс жөніндегі баптар бойынша қосымша саралаусыз келтірілген салдарға орай тек ҚК-тің 217-бабының 1, 2 немесе 3-тармақтарының қажеттілігі түсіндірілсін.

Егер көлік құралы өлтіру, дене жарақатын салу немесе мүлікті құрту мақсатымен қасақана пайдаланылса, мұндай қылмысты әрекетті ҚК-тің 217-бабымен саралаусыз ҚК-тің тиісті баптармен саралау керек;

б) ҚК-тің 217-бабының 1-бөлігімен қарастырылатын елеулі материалдық залал ретінде жол қауіпсіздігі ережесін бұзу салдарынан айтарлықтай бүлінген немесе толық жойылған маңызды және бағалы жүкті, транспорт құралын, ғимаратты және т.с.с. айтады.

Материалдық залалды елеулі деп тану туралы мәселені шешу кезінде оның ақшалай сомасындағы мөлшерін ғана емес, бүлінген мүліктің бағалануы мен маңызын, жөндеу жұмыстарының көлемі мен құнын және басқа жағдайларды ескеру керек.

Барлық жағдайларда жіберілген пайданы емес, нақты келтірілген залалды ғана есепке алу керек;

в) ҚІЖК-нің 281-бабына сәйкес соттың қосымша тергеуге қайтарусыз тағылған айыптың қисынын өзгертуге ықпал ететін айыптыға тағылғанын басқа қозғалыс қауіпсіздігі мен автокөлікті пайдалану ережесін бұзған деген кінә тағуға қақысы жоқ.

Сот қозғалыс қауіпсіздігі мен автокөлікті пайдалану ережесін бұзды деген негізсіз тағылған айыпты басқа керекті ереже, көрсетіп айыпқа ауыстыруға, тек мұндай өзгерту айып тағу қисынына өзгеру әкелмеген және айыпталушының қорғау құқығын бұзбаған жағдайда ғана мүмкін;

г) егер жол-көлік оқиғасы нәтижесінде денсаулыққа ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтірілген және жастығының, кәрілігінің, аурулығының немесе дәрменсіз күйінің салдарынан өзін сақтап қалуға шара қолдана алмайтын халдегі жәбірленуші ҚК 296-бабында көзделген әрекетті жасаған тұлғамен көрінеу өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдайда қалдырылса, онда қауіпті жағдайда қалдырылудың нәтижесінде абайсызда жәбірленушінің өліміне немесе басқа да ауыр зардаптарға әкеліп соққан жағдайда, жасалған әрекет тұтастай ҚК 296-бабының тиісті бөлігі, ҚК 297-бабы және ҚК 119-бабының екінші бөлігі бойынша саралануға жатады. Егер жол-көлік оқиғасының нәтижесінде денсаулыққа келтірілген зиянның жәбірленушілерге қауіп төндірмейтінін кінәлі адам көрінеу білсе немесе жәбірленуші жол-көлік оқиғасы болған жерде бірден өліп кетсе, онда жол-көлік оқиғасы болған жерді тастап кеткен жүргізушінің әрекеттерінде - қауіпті жағдайда қалдырудың құрамы болмайды.

д) жүргізуші жәбірленушіні басқа адамдар көмектесуге мүмкіндік бар жерге қалдырып кетсе, онда оның ҚК-тің 110-бабы бойынша жауаптылығын жоққа шығармайды;

е) жүргізушінің ҚК-тің 110-бабының 2-бөлігі бойынша жауаптылығы тек қана жәбірленушінің өлімі немесе басқа ауыр жағдайы жол-көлік оқиғасы болған сәтте басталмай, тікелей оны өміріне қауіп төнген жағдайында тастап кету салдарынан туындауы мүмкін;

ж) егер жәбірленушінің өлімі айыпты үшін біле тұра жол-көлік оқиғасы болған сәтте туындаса, онда жол қауіпсіздігі ережесін бұзып, оқиға болған жерден кетіп қалған жүргізушінің әрекеті қосымша ҚК-тің 110-бабы бойынша саралануға тиіс емес;

з) автомашина немесе басқа да көлік құралдары еңбек келісімі бойынша бекітілген жүргізуші оларды ез бетімен айдап кету субъектісі бола алмайды (ҚК-тің 221-бабы).

Өзіне сеніп тапсырылған көлік құралдарын өз бетінше иеленіп, оны жеке мақсаты үшін пайдаланған жүргізушінің әрекеті оған негіздер жеткілікті болса, ҚК-тің 219-бабы бойынша саралануға тиіс.

и) бір тұлғамен ҚК 298-бабының бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер жасалса, әрбір қылмыс дербес саралануға жатады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006.12.25. N 12 Нормативтік қаулысымен.

8. Көлік қылмыстарынан сақтандыру жөніндегі жұмысты одан әрі жетілдіру мақсатында соттар осы қылмысты жасауға жағдай тудыратын себептер мен жағдайларды анықтау үшін заңмен белгіленген барлық шараларды қолдануы керек, автошаруашылықтар, жол құрылысы, басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың лауазымды адамдарының жұмыстарындағы жіберілген кемшіліктеріне жеке ұйғарулармен әсер ету керек, осы олқылықтарды жоюға қол жеткізу қажет.

9. Облыстық және Алматы қалалық соттары автокөлік қылмыстары жөніндегі істерді қарау кезінде соттардың қателіктерін кассациялық және қадағалау тәртібімен дер кезінде анықтап, жоюы керек, сот қызметін одан әрі жақсарту үшін шаралар қолдану керек.

10. Осы қаулының жариялануына байланысты Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумының мына қаулылары күшін жойды деп танылсын:

1972-жылғы 28-желтоқсандағы "Автокөлік қылмыстары жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы" N 5;

1975-жылғы 15-қыркүйектегі "КСРО Жоғарғы Соты Пленумының 1970-жылғы 6-қазандағы N 11 және Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумының 1972-жылғы 28-желтоқсандағы автокөлік қылмыстары туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы N 5 қаулыларының орындалу барысы туралы N 4 1981-жылғы 16-наурыздағы "Қазақ КСР Жоғарғы Сотының 1975-жылғы 15-қыркүйектегі Пленумының N 4 қаулысын өзгерту туралы" N

3;

Оқығандар:

(Қасымбеков Б.А.)

(Икебаева Ә.Ж.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК